Әділет

## 2009 жылға төлемді қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы N 663 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 шілдеде N 5-6-95 тіркелді. Күші жойылды - қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты Аягөз аудандық Әділет басқармасының 2010 жылғы 09 ақпандағы № 1057 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты (Аягөз аудандық Әділет басқармасының 2010.02.09 № 1057 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-II «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7, 20 баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 1787-XII «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 2 бабын басшылыққа ала отырып, Аягөз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде тіркелген жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп отырған азаматтарды қолдау және мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға Аягөз ауданы мен Аягөз қаласы бойынша төлемді қоғамдық жұмыстың 550 орынға тізбесі бекітілсін (қосымша № 1).

2. 2009 жылы істелетін қоғамдық жұмыстың түрлері бекітілсін (қосымша № 2 ).

3. Қосымша нысаналы топтардың тізбесі бекітілсін (қосымша № 3).

4. Қоғамдық жұмыстың нақты шарттары жұмыс беруші мен жұмыс атқарушының арасында жасалған жеке еңбек шарт негізінде анықталады.

5. Төлемді қоғамдық жұмысты қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қаулысының негізінде 2009 жылға жергілікті

бюджетте бекітілген қаражат және жұмыс берушінің атқарған жұмыс есебінен жүргізіледі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай және жеке келісім шарт негізінде төлемді қоғамдық жұмыспен қамтылған адамдардың төлем ақысы атқарған жұмыстың ауырлығын ескеріп, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген еңбек ақысының мөлшері радиациялық қауіпті аймақта тұрғаны үшін қосымша төлеммен 2009 жылы белгіленген ең төменгі жалақыдан кем емес мөлшерде бекітілсін.

6. Аягөз ауданы әкімдігінің 2008 жылдың 12 желтоқсанындағы № 200 «2009 жылға төлемді қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы » (2009 жылдың 05 қаңтардағы нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 5-6-87, № 3 (9852) «Аягөз жаңалықтары» газетіне 2009 жылдың 17 қаңтарында жарияланған) қаулысының күші жойылсын .

7. Осы қаулы әділет органдарында тіркеліп, ресми жарияланған күннен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Байжановқа жүктелсін.

*Аягөз ауданының әкімі Н. Әзімбаев*

Аягөз ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 663 қаулысына № 1 қосымша

| | Жұмыс берушіні атауы | Төлемді қоғамдық жұмыстың түрлері | Жұмыс көлемі | Қатысушы саны | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жиыны | ауыл |
| | «Аягөз аудандық әкімінің аппараты ММ, «Аягөз қаласының әкімі аппараты» ММ, «Актогай кенттік | Аумақ тазалығы, құрылыс жөндеу жұ мыстары, қоғамдық науқандық жұмыстар социологиялық сұраулар жүргізу, көше бойынша тұрғындардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын, санын анықтау),жөндеу жұмыстарын жүргізу, экологиялық сауықтыру, жеке тұлғалардың есебі | 1332 шаршы метр, бокс 50 шаршы метр, аумақ-512 шаршы метр, газон 464 шаршы метр, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | округі әкімінің аппараты ММ, барлық 22 ауылдық округі әкімдерінің аппараттары | базасымен жұмыс, аумақ тазалығы, мекеме тазалығы, құрылыс, жол жөндеу, әлеуметтік мәдени обьектілерді жөндеу, ауыл шаруашылық зиянкесімен күрес балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, мерзімді жылыту жұмысы, күзет, шаруашылық жұмыс, науқандық аймақтық жұмыс | шырша ауданы 1160 шаршы метр, күніне 200 өзгеріс енгізу 500 шаршы метр, 968 шаршы метр,25-30 үй, айына 600 үй, 23 селолық округ | 163 | 140 |
| 2 | «Аягөз ауданының прокурату-расы» ММ | Құжаттармен жұмыс, мезгілді жылыту жұмысы, мекеме тазалығы, күзет. | 282,6 шаршы метр, электр қазандығы, құжат айналымы жылына 4325 | 12 | |
| 3 | «Аягөз ауданының әділет басқармасы» ММ | Құжаттармен жұмысқа көмек | | 16 | |
| 4 | «Аягөз ауданының қылмыстық атқару инспекциясы ММ | Құжаттармен жұмысқа көмек | | 2 | |
| 5 | «ШҚО ішкі істер департа-менті Аягөз қаласы және Аягөз аудандық ішкі істер бөлімі» ММ | Сақшы жұмыстары, консьерж жұмыстары, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, көш-қон жұмыстарына көмек, саяжай учаскелерінде тәртіпті қадағалауға көмек. | 48 көпқабатты үйге, көшелерге, саяжай учаскелері, барлық ауылдық, кеннтік округтер аймағында | 72 | 62 |
| 6 | «Аягөз қаласының қорғаныс істер | Әскери есепке тіркеу, көктемгі, | Күніне 100 жасөспірімнің құжатымен жұмыс, 40 шақыру қағаз, 2700 | 5 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жөніндегі біріккен бөлімі» ММ | күзгі әскерге шақыру жұмысы. | жасөспірімнің құжаты әр шақыруға | | |
| 7 | «Аягөз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарла-малар бөлімі» ММ | Мекеме тазалығы, ғимараттың ағымдағы жөндеу жұмыстары, науқандық жұмыс, күзет, мұрағатқа өткізетін құжаттарды әзірлеу, құжаттармен жұмыс. | 512 шаршы метр, 6000 іс. | 17 | |
| 8 | «Зейнетақы төлеу орталығы» мемлекеттік мекемесі | Құжаттармен жұмыс, науқандық жұмыс | 6000 іс | 8 | |
| 9 | Семей аумақтық мүгедектер қоғамының Аягөз бөлімшесі-нің Қоғамдық бірлестігі-нің басқарма | Мекеме тазалығы, мүгедектердің көрпе, матрацтарын өңдеу, огород күзету, үй аралау, мүгедектерге көмек көрсету, мәдени шараларды өткізу, газет тарату, мекеме жылыту. | Жаңа жыл-100 сыйлық, наурыз-200 сыйлық, 60 адамға ас, 250 адамға наурыз көже, мүгедектер күні 420 сыйлық,50 адамға газет, 4 га жер, 32 бақша, 2 пеш, 86,1 шаршы метр | 5 | |
| 10 | «Аягөз аудандық ауыл шаруашылық бөлімі» ММ | Мекеме тазалығы | 140 шаршы метр еденді, 80 шаршы метр, 2 коридор–120 шаршы метр, жалпы-380 шаршы метр. | 4 | |
| 11 | Өскемен политехни-калык колледжының Аягөз қаласындағы филиал | Аумақ тазалығы, мәдени обьектілерді жөндеу жұмыстары | 1850 шаршы метр-ғимарат | 3 | |
| 12 | «Аягөз қалалық көп салалы қазақ | Ағаш егу, мектеп маңын көгалдандыру үшін топырақ, құм тасу, көк шөп төсеу, мектеп ғимаратының ағымдағы жөндеу | 28276 текше метр, 5610 шаршы метр | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мектеп-гимназиясы» ММ | жұмысы (ақтау, сылау, сырлау) | | 3 | |
| 13 | «Қалалық үйкомшар-құрылыс» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | Қалалық, елді мекен, өнеркәсіп орындар орналасқан жерлерді жинауға, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмек, су тасқындарына қарсы шара өткізу жұмысы,әлеуметтік мәдени объектілерді, тұрғын үйлерді жаңарту, құрылыс жұмыстары, сәулет ескерткіштер, кешен аумақтарын қалпына келтіру, өңірлерді экологиялық сауықтыру, масштабты мәдени шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету, шаруашылық жұмыстар, жол жөндеу. | 1868 мың. шаршы метр,мерекелерге алаңды дайындау | 176 | |
| 14 | Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығына негізделген «Аягөз су» коммуналдық емлекеттік кәсіпорыны | Су құбырлары, канализация жүргізу жұмыстарына байланысты қосалқы жұмыстар, бас каналдардың көздерін, арық, өзендерді тазалау жұмыстарына қатысу, құрылыс, су тасқынына қарсы шараларды өткізуге, көпірлерді, каналдардың арналарын, арықтарды, | 312 құдық | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жылғаларды, өзендерді тазалауға қатысу. | | 15 | |
| 15 | Жеке кәсіпкер «Алишер» | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | 11 тұрғын үйде 42 подъезд,600 пәтер | 10 | |
| 16 | Жеке кәсіпкер «Абылхайров А.А.» | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | 11 тұрғын үйде 42 подъезд,600 пәтер | 8 | |
| 17 | «Шыңғыс» пәтер иелерінің кооперативі | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | 9 тұрғын үй 28 подъездымен көлемі 20770,6 шаршы метр | 9 | |
| 18 | «Арай» пәтер иелерінің кооперативі | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | 2200 шаршы метр, 300 тонна | 4 | |
| 19 | «Бектас» шаруа шаруашылығы | Астық өсіру бойынша қысқа мерзімдік маусымдық жұмыстар, өнімді өңдеу, тасу, тазалау ауыл шаруашылық зиянкестерімен күрес, мекеме, аумақ тазалығы. | 50 т. бидай40 т. ұн 10 т кебек 30 тонна жем 5000т.-3 қамба ай сайын | 12 | |
| 20 | «Еркежан» жауапкершілігі шектеулі серіктестік | аумақ тазалығы, мекеме тазалығы, ғимараттың ағымдағы жөндеу жұмыстары. | 5600 шаршы метр. | 8 | |
| | ЖИЫНЫ | | | 550 | 202 |

кестенің жалғасы

| № | Жұмыс берушіні атауы | Төлемді қоғамдық жұмыстың түрлері | Қаржыландыру көзі | | Еңбекақы төлемінің мөлшері |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Аягөз аудандық әкімінің аппараты ММ, «Аягөз қаласының әкімі аппараты» ММ, «Ақтогай кенттік округі әкімінің аппараты ММ, барлық 22 ауылдық округі әкімдерінің аппараттары | Аумақ тазалығы, құрылыс жөндеу жұ-мыстары, қоғамдық науқандық жұмыстар (социологиялық сұраулар жүргізу, көше бойынша тұрғындардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын, санын анықтау), жөндеу жұмыстарын жүргізу, экологиялық сауықтыру, жеке тұлғалардың есебі базасымен жұмыс, аумақ тазалығы, мекеме тазалығы, құрылыс, жол жөндеу, әлеуметтік мәдени обьектілерді жөндеу, ауыл шаруашылық зиянкесімен күрес балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, мерзімді жылыту жұмысы, күзет, шаруашылық жұмыс, науқандық аймақтық жұмыс | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 2 | «Аягөз ауданының прокуратурасы» ММ | Құжаттармен жұмыс, мезгілді жылыту жұмысы, мекеме тазалығы,күзет. | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 3 | «Аягөз ауданының әділет басқармасы» ММ | Құжаттармен жұмысқа көмек | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 4 | «Аягөз ауданының қылмыстық атқару инспекциясы» ММ | Құжаттармен жұмысқа көмек | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ең төм |
| 5 | «ШҚО ішкі істер департаменті Аягөз қаласы және Аягөз аудандық ішкі істер бөлімі» ММ | Сақшы жұмыстары, консьерж жұмыстары, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, көш-қон жұмыстарына көмек, саяжай учаскелерінде тәртіпті қадағалауға көмек. | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жалақыдан төмен емес |
| 6 | «Аягөз қаласының қорғаныс істер жөніндегі біріккен бөлімі» ММ | Әскери есепке тіркеу, көктемгі, күзгі әскерге шақыру жұмысы. | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 7 | «Аягөз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ | Мекеме тазалығы, ғимараттың ағымдағы жөндеу жұмыстары, науқандық жұмыс, күзет, мұрағатқа өткізетін құжаттарды әзірлеу, құжаттармен жұмыс. | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 8 | «Зейнетақы төлеу орталығы» мемлекеттік мекемесі | Құжаттармен жұмыс, науқандық жұмыс | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 9 | Семей аумақтық мүгедектер қоғамының Аягөз бөлімшесінің Қоғамдық бірлестігінің басқарма | Мекеме тазалығы, мүгедектердің көрпе, матрацтарын өңдеу, огород күзету, үй аралау, мүгедектерге көмек көрсету, мәдени шараларды өткізу, газет тарату, мекеме жылыту. | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 10 | «Аягөз аудандық ауыл шаруашылық бөлімі» ММ | Мекеме тазалығы | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 11 | Өскемен политехникалык колледжының Аягөз қаласындағы филиал | Аумақ тазалығы, мәдени обьектілерді жөндеу жұмыстары | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 12 | «Аягөз қалалық көп салалы қазақ мектеп-гимназиясы» ММ | Ағаш егу, мектеп маңын көгалдандыру үшін топырақ, құм тасу, көк шөп төсеу, мектеп ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмысы (ақтау, сылау, сырлау) | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| | | Қалалық, елді мекен, өнеркәсіп | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындар орналасқан жерлерді жинауға, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмек, су тасқындарына қарсы шара өткізу жұмысы, әлеуметтік мәдени объектілерді, тұрғын үйлерді жаңарту, құрылыс жұмыстары, сәулет ескерткіштер, кешен аумақтарын қалпына келтіру, өңірлерді экологиялық сауықтыру, масштабты мәдени шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету, шаруашылық жұмыстар, жол жөндеу. | | | |
| 13 | «Қалалық үйкомшарқұрылыс коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 14 | Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығына негізделген «Аягөз су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | Су құбырлары, канализация жүргізу жұмыстарына байланысты қосалқы жұмыстар, бас каналдардың көздерін, арық, өзендерді тазалау жұмыстарына қатысу, құрылыс, су тасқынына қарсы шараларды өткізуге, көпірлерді, каналдардың арналарын, арықтарды, жылғаларды, өзендерді тазалауға қатысу. | Бюджет | | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ең төм |
| 15 | Жеке кәсіпкер «Алишер» | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жалақыдан төмен емес |
| 16 | Жеке кәсіпкер «Абылхайров А.А.» | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 17 | «Шыңғыс» пәтер иелерінің кооперативі | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 18 | «Арай» пәтер иелерінің кооперативі | Тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарын жүргізу және баспалдақтарды тазалау, аумақ тазалығы. | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 19 | «Бектас» шаруа шаруашылығы | Астық өсіру бойынша қысқа мерзімдік маусымдық жұмыстар, өнімді өңдеу, тасу, тазалау ауыл шаруашылық зиянкестерімен күрес, мекеме, аумақ тазалығы. | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| 20 | «Еркежан» жауапкершілігі шектеулі серіктестік | аумақ тазалығы, мекеме тазалығы, ғимараттың ағымдағы жөндеу жұмыстары. | Бюджет | Жұмыспен амтушы | Ең төм жалақыдан төмен емес |
| | ЖИЫНЫ | | | | |

Ескертпе.

Қоғамдық жұмыстың шарттары:

1. Жұмыс аптасының ұзақтығы 2 демалыс күнімен қоса 5 жұмыс күнді құрайды, 8 сағаттық жұмыс күні, еңбек ақысы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы заңнамасымен белгіленген ең төменгі жалақы есебінен жұмыссыздың дербес шотына ақша аудару жолымен жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақыты арқылы жүзеге асырылады, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал жабдықтармен қамтамасыз ету, лауазымдарды ауыстыру (қызмет көрсету аймағын кеңейту) және уақытша жоқ болған қызметкердің лауазымын атқару мүмкіндігі, қосымша төлем мөлшері қызметкердің келісімі бойынша жұмыс

берушімен белгіленеді, зейнетақы мен әлеуметтік ақша аударулар Қазақстан Республикасының салық заңнамаларына сәйкес жүргізіледі,уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу,денсаулыққа мертігу немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндардыңорнын толтыру.

2. Төлемді қоғамдық жұмыстарда жұмыс істейтін азаматтардың еңбекақысы 2009 жылға белгіленген ең төменгі жалақыдан кем емес мөлшерде жүргізілсін. Қоғамдық жұмыстарда жұмыссыздың еңбегін қолданатын ұйымдар оларға қосымша ақы төлей алады. Халықты жұмыспен қамту туралы қолданыстағы заңнаманың қоғамдық жұмыстарда еңбек ақы төлеу жағы өзгерген жағдайда төлем мөлшері өзгеруі мүмкін.

3. Көрсетілген төлемді қоғамдық жұмыстың көлемі орташа статистикалық деп есептелсін.

4. Ұсыныстар мен сұранымдарға байланысты сол және басқа жұмыстардағы қатысушылардың саны, қатысу ұзақтығы және ұйымдардың тізбесі 2009 жылға қоғамдық жұмыстар жүргізуге жергілікті бюджет қарастырған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Аягөз ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 663 қаулысына № 2 қосымша

- қалада, елді мекендерде, мекемелер, өндірістік кәсіпорындар, пәтер иелерінің кооперативтерінің аумақтарын тазарту,тұрмыстық коммуналдық шаруа ұйымдарына көмек көрсету;
- құрылыс, жол жөндеу, су құбыры, канализациялық төсеу бойынша қосалқы жұмыстар;
- су тасқынына қарсы шараларды өткізуге, көпірлерді, каналдардың арналарын, арықтарды, жылғаларды, өзендерді тазалауға қатысу;
- құрылыс-жаңғырту;
- үй, әлеуметтік-мәдени обьектілерді жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- тарихи-сәулеттік ескерткіштерді, кешендерді, мұражайларды, мәдени орындарын қалпына келтіру;
- аймақты экологиялық сауықтыру көгалдандыру, көріктендіру;
- республикалық және аймақтық қоғамдық науқандар өткізуге көмек көрсету ( әлеуметтік сұрауларға, шаруашылық кітаптарды өткізуге, құжаттармен жұмысқа қатысуға, әскери комиссариаттардағы жұмыстарға қатысу, экологиялық төлемақы есептеуге көмек);
- малды бордақылауға, көкөніс және дәнді дақылдарды өңдеу, өсіру, жинау, тасу жөнінде маусымдық қысқа мерзімді жұмыстар жүргізу;
- мал дәрігерлік профилактикалық шараларға қатысу;

- ауыл шаруашылық зиянкестерімен күрес жүргізу;
- ауыру және қарт адамдарды күту, үй көмегін көрсету;
- қысқа мерзімді жылыту жұмысы;
- сақшы, консьерж жұмыстары;
- үй–жайларды, баспалдақтарды тазалау;
- күзет;
- тұрмыстық қызмет көрсету;
- мекемелерге құжат жұмыстарына көмек.

Аягөз ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 663 қаулысына № 3 қосымша

- мектептер мен кәсіптік оқу мекемелерінің түлектері;
- өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтіндер;
- еңбекақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;
- жазғы каникул уақытындағы студенттер;
- 50 жастан асқан әйелдер;
- 55 жастан асқан азаматтар;
- ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК